

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми кеңесінің көзектен тыс №12 мәжілісінің

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қ.

16.01.2026ж, сағат: 11.00

Қатысқандар: Ғылыми Кеңес мүшелері қатысу парағына сәйкес.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Докторантура мен магистратураның 1-курсына қысқы қабылдау жүргізілген БББ бойынша оқу үдерісінің кестесін және жұмыс оқу жоспарын бекітуге ұсыну (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжанов).

2. Білім беру бағдарламаларын «Жоғары білімді берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының Тізілімінен шығару туралы (Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы басшысы А.Ж.Бұхарбаева).

Төраға: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің №12 мәжілісі жұмысын бастауға мүшелер 37 құрам санының 35 қатысып отыр. Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге кворум бар. Сіздерді күн тәртібін бекітуге және кеңесті ашуға дауыс беруге шақырамын.

Қолдаушылар – 35 адам, Дауыс беру нәтижесі: иә-35

1. Күн тәртібі бекітілсін.

Төраға: Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша Докторантура мен магистратураның 1-курсына қысқы қабылдау жүргізілген БББ бойынша оқу үдерісінің кестесін және жұмыс оқу жоспарын бекітуге ұсыну туралы баяндау үшін сөзді Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжановқа берді.

Баяндамашы 2025-2026 оқу жылындағы қысқы қабылдаудың статистикалық мәліметтерін және оқу үдерісінің кестесін таныстырды.

2025-2026 оқу жылына қысқы қабылдау:

№	Білім беру деңгейі	БББ-ның саны	БББ-ның аты	Білім алушылар саны
1	Магистратура	5	География	1
			Мемлекеттік және жергілікті басқару	1
			Ақпараттық жүйелер	3
			Электр энергетикасы	2
			Аграрлық техника және технология	1
2	Докторантура	1	Педагогика және психология	1
		6	6	9

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша қысқы қабылдау:

№	Білім беру деңгейі	2023-2024		2024-2025		2025-2026	
		БББ-ның саны	Білім алушылар саны	БББ-ның саны	Білім алушылар саны	БББ-ның саны	Білім алушылар саны
1	Магистратура	11	42	10	26	5	8
2	Докторантура	7	11	2	2	1	1
		18	53	12	28	6	9

Биылғы оқу жылына қабылданған 8 магистрант үшін 5 оқу тобы, 1 докторант үшін 1 оқу тобы қалыптастырылды.

Қазіргі таңда биылғы қысқы қабылдауды қоса есептегенде магистратурада 1, 2 курстарда 31 магистрант, 1,2,3 курс докторантурада 14 докторант білім алады.

Бекітуге ұсынылған академиялық күнтізбеде оқу жылы бойында жүргізілетін теориялық оқытудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың, практикалар мен ғылыми зерттеу жұмыстарының, демалыс күндерінің, жазғы семестрдің мерзімдері көрсетілді (слайдта).

Магистратура бойынша білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспары.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның жұмыс оқу жоспарлары бойынша 1-курстағы кредит бөлінісі:

№	Академиялық кезең	Оқу пәндеріне	Ғылыми-зерттеу жұмысына	Практикаға
1	1-академиялық кезең	22	5	
2	2-академиялық кезең	27	3	3
			60	

Қысқы қабылдау бойынша контингент өте аз. Сондықтан да, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында қысқы қабылдау бойынша магистратураның БББ-ның жұмыс оқу жоспарындағы 1-курстың 1-академиялық кезеңіне жоспарланған пәндер пререквизиттерді ескере отырып 2025 жылғы тамыз айында қабылданған оқу топтарының 2-академиялық кезеңіне жоспарланған пәндерге сәйкестендірілген. Ал, 2-академиялық кезеңге жоспарланған пәндер 2026 жылғы тамыз айында қабылданатын оқу топтарының 1-академиялық кезеңіне жоспарланған пәндерге сәйкестендірілген, яғни, біріктіріп оқытылатын болады.

Ғылыми-педагогикалық магистратураның жұмыс оқу жоспарлары бойынша 2-курстағы кредит бөлінісі:

№	Академиялық кезең	Оқу пәндеріне	Ғылыми-зерттеу жұмысына	Практикаға	Қорытынды аттестат-тауға
1	1-академиялық кезең	24	6		
2	2-академиялық кезең		10	12	8
			60		

Докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспары.

Докторантураның БББ-да мемлекеттік стандартқа сәйкес теориялық оқуға жалпы саны 45 кредит бөлінген. Оның 22 кредиті педагогикалық және зерттеу практикаларына беріледі.

Докторантураның «Педагогика және психология» БББ-ның жұмыс оқу жоспары бойынша 1-курстағы кредит бөлінісі:

№	Академиялық кезең	Оқу пәндеріне	Ғылыми-зерттеу жұмысына
1	1-академиялық кезең		30
2	2-академиялық кезең	23	7
			60

1-курс үшін оқу жылының 1-академиялық кезеңінде 30 кредит ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға жоспарланған, 2-академиялық кезеңде жалпы көлемі 23 кредитті құрайтын 5 пән оқытылатын болады, сонымен қатар 7 кредит көлемінде ғылыми-зерттеу жұмысы орындалады.

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында докторантурадағы бұл білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарындағы 1-курстың 2-академиялық кезеңіне жоспарланған пәндер 2026 жылғы тамыз айында қабылданатын оқу топтарымен біріктіріп оқытылатын болады.

Докторантураның жұмыс оқу жоспарлары бойынша 2-курстағы кредит бөлінісі:

№	Академиялық кезең	Оқу пәндері	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Практика
1	1-академиялық кезең		30	
2	2-академиялық кезең		18	12
			60	

2-курс үшін 1-академиялық кезеңде ғылыми-зерттеу жұмысы - 30 кредит, 2-академиялық кезеңде 12 кредит зерттеу практикасы және 18 кредит көлемінде ғылыми-зерттеу жұмысын орындау жоспарланған.

Докторантураның жұмыс оқу жоспарлары бойынша 3-курстағы кредит бөлінісі:

№	Академиялық кезең	Оқу пәндері	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Практика	Қорытынды аттестаттау
1	1-академиялық кезең		30		
2	2-академиялық кезең		18		12
			60		

3-курс үшін 1-академиялық кезеңде ғылыми-зерттеу жұмысы - 30 кредит, 2-академиялық кезеңде 18 кредит ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға және 12 кредит қорытынды аттестаттауға жоспарланған. Назарларыңызға рақмет!

Төраға сұрақ теңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 35, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 35 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжановтың баяндамасы назарға алынсын.
2. Қысқы қабылдау бойынша докторантураның 1,2,3 курстарының және магистратураның 1,2 курстарының академиялық күнтізбесі мен оқу үдерісінің кестесі бекітілсін.
3. Докторантура мен магистратураға қабылдау жүргізілген білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспары бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

Төраға Күн тәртібіндегі екінші сұрақ Білім беру бағдарламаларын «Жоғары білімді берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының Тізілімінен шығару туралы сөз Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы басшысы А.Ж.Бұхарбаеваға беріледі.

А.Ж.Бұхарбаева: Құрметті әріптестер! Білім беру бағдарламаларын «Жоғары білімді берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының Тізілімінен шығару туралы мәліметтерді назарларыңызға ұсынамыз.

Магистратура бойынша:

1. 7M04201- Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі (бейіндік) және 7M042045- Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі;

Докторантура бойынша:

2. 8D08150- Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларын білім беру қызметі бойынша лицензияға қосымшаның рәсімделмеуіне байланысты Білім беру бағдарламаларының Тізілімінен шығарып тастау ұсынылады. Назарларыңызға рақмет!

Төраға:Сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз болса?

Н.О.Аппазов: Магистратура мен докторантура білім алушылар қабылданбауына байланысты реестрден шығарылып жатыр ма?

Б.А.Досжанов: Бұл екі білім беру бағдарламасын жаңадан ашу бағытында жұмыс жүргізілген. Жаңадан ашылатын білім беру бағдарламалары Реестрге тіркелгеннен кейін 8 айдың ішінде білім беру қызметі бойынша лицензияға қосымша, яғни білім беру қызметін жүргізуге рұқсат алуы қажет. Екі білім беру бағдарламасы бойынша лицензияға қосымша берілмеді. Сол себептен Реестрден қайта шығарылуы үшін Ғылыми кеңеске ұсынылуда.

М.А.Бурибаева: ~~Түсінікті.~~

Н.О.Аппазов: Ғылыми лаборатория мемлекеттік стандартқа сәйкес эксперимент жүргізуге құқылы. Басқа ғылыми және стандартқа сай емес зерттеу жүргізуге тыйым салынады.

А.Ж.Бұхарбаева: ~~Жоғары жаңа (немесе) жоспар оқу салықтан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қатысатын біліктілік талаптарын~~ осылай.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 35, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 35 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының тізілімінен 7M04201- Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі (бейіндік) және 7M042045-Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі; 8D06150- Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларын шығару мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығына» БББ-ларды тізілімнен шығару туралы тиісті өтінімдерді жолдау Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директоры Б.А.Досжановқа тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі – проректор Д.М. Абдрашеваға тапсырылсын.

Төраға: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгінгі кеңестің мәжілісінде қойылған барлық сұрақтар жан-жақты қаралып, конструктивті пікір алмасу нәтижесінде шешімдер қаулы бойынша қабылданды. Алдағы уақытта қаулының орындалуын бақылау тиісті тұлғаларға жүктеледі. Назар қойып тыңдағандарыңызға және белсенді қатысқандарыңызға үлкен рақмет! Кеңес мәжілісі жабық деп жарияланады.

**Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а.,
Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыстар
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор**



М.А.Бурибаева

Ғалым хатшы



Л.Ә.Жүсіпова

Ғылыми кеңеске қатысқан мүшелерінің келу парағы
№12 мәжіліс Өту мерзімі:16.01.2026 ж. Сағат:11.00

№	Аты-Жөні-Тегі	Қатысуы
1.	Абдрашева Дана Мейрамовна	+
2.	Бурибаева Майнура Абильтаевна	+
3.	Айтимов Мурат Жолдасбекович	+
4.	Бердалиева Гульзат Кыстаубаевна	+
5.	Уразбаев Нурлан Жеткергенович	+
6.	Бисенов Кылышбай Алдабергенович	
7.	Кошкарров Серикбай Иманбайұлы	+
8.	Кәрібозұлы Бағдат	
9.	Досжанов Баянәлі Амантайұлы	+
10.	Сактаганова Наргуль Амановна	+
11.	Омаров Қали Әбдіұлы	+
12.	Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы	+
13.	Таутенов Ибадулла Айғалиұлы	+
14.	Тайман Сағат Тамшыбаевич	+
15.	Тоқтағанова Гулжас Баданқызы	+
16.	Кулмурзаев Нурлан Серикович	+
17.	Абжалелов Бахытбек Байдосович	+
18.	Мирманов Наку Бахаутдинович	+
19.	Исаева Айнур Женисовна	+
20.	Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы	+
21.	Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы	+
22.	Ильясова СамалМырзамуратовна	+
23.	Жаппасбаев Алибек Бахытжанович	+
24.	Сәтбаева Гүлмира Әлібайқызы	+
25.	Калиев Бакыт Калиевич	+
26.	Абжаев Марат Мәлікұлы	+
27.	Сыдыкова Гульнар Кудайбергеновна	+
28.	Майгельдиева Шарбан Мусабековна	+
29.	Кожамберлиев Баймырза	+
30.	Жанбершиева Улжан Нахатқызы	+
31.	Нурмагамбетов Нурлан Шарипович	+
32.	Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы	+
33.	Билалов Сейдали Умиртаевич	+
34.	Смагулова Жанна Баглановна	+
35.	Абдуллахан Зарина Ержепқызы	+
36.	Прохорова Виктория Сергеевна	+
37.	Жусупова Ләйля Ажибаевна	+

Барлығы – 37 Қатысқандар – 35 Қатыспағандар – 2
Оның ішінде – іс сапарда - , сабақта - , емделу парағында -1 ,
Басқа дәлелді себептермен - 1

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ
кезектен тыс № 12 мәжілісі хаттамасынан көшірме**

16 қаңтар, 2026 жыл, сағат: 11.00

1 сұрақ. Докторантура мен магистратураның 1-курсына қысқы қабылдау жүргізілген БББ бойынша оқу үдерісінің кестесін және жұмыс оқу жоспарын бекітуге ұсыну (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжанов).

ТЫҢДАЛДЫ:

(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжанов).
Докторантура мен магистратураның 1-курсына қысқы қабылдау жүргізілген БББ бойынша оқу үдерісінің кестесін және жұмыс оқу жоспарын бекітуге ұсынды.

Мәселені талқылау және ашық дауыс беру
(«қолдады» - 35, «қарсы болған», «қалыс қалған»-жоқ)
нәтижесінде Ғылыми кеңес мынадай

**ҚАУЛЫ
ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжановтың баяндамасы назарға алынсын.
2. Қысқы қабылдау бойынша докторантураның 1,2,3 курстарының және магистратураның 1,2 курстарының академиялық күнтізбесі мен оқу үдерісінің кестесі бекітілсін.
3. Докторантура мен магистратураға қабылдау жүргізілген білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспары бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

**Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а,
Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыстар
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор**



М.А.Бурибаева

Ғалым хатшы

Л.Ә.Жүсіпова

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ
кезектен тыс № 12 мәжілісі хаттамасынан көшірме

16 қаңтар, 2026 жыл, сағат: 11.00

2 сұрақ. Білім беру бағдарламаларын «Жоғары білімді берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының Тізілімінен шығару туралы (Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы басшысы А.Ж.Бұхарбаева).

ТЫНДАЛДЫ:

(Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы басшысы А.Ж.Бұхарбаева). Білім беру бағдарламаларын «Жоғары білімді берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының Тізілімінен шығаруды ұсынды.

Мәселені талқылау және ашық дауыс беру
(«қолдады» - 35, «қарсы болған», «қалыс қалған»-жоқ)
нәтижесінде Ғылыми кеңес мынадай

ҚАУЛЫ
ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесіндегі Білім беру бағдарламаларының тізілімінен 7M04201- Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі (бейіндік) және 7M042045-Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі; 8D06150- Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларын шығару мақұлданды.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығына» БББ-ларды тізілімнен шығару туралы тиісті өтінімдерді жолдау Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директоры Б.А.Досжановқа тапсырылсын.
3. Осы қаулының орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі – проректор Д.М. Абдрашеваға тапсырылсын.

Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а.,
Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыстар
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор



М.А.Бурибаева

Ғалым хатшы

Л.Ә.Жүсіпова